



Өзара ынтымақтастық туралы
МЕМОРАНДУМ

**Батыс Қазақстан облысының әкімдігі білім басқармасының «Орал «Сервис»
технологиялық колледжі» МКҚК және Атырау облысы білім
басқармасының «Атырау сервис колледжі» КМҚК арасындағы өзара
ынтымақтастық туралы
МЕМОРАНДУМ**

«01» қараша 2024ж.

Батыс Қазақстан облысының әкімдігі білім басқармасының «Орал «Сервис» технологиялық колледжі» МКҚК негізінде әрекет етуші атынан басшысы Айгуль Бисенбаевна Искалиева бір жағынан және Атырау облысы білім басқармасының «Атырау сервис колледжі» КМҚК негізінде әрекет етуші атынан басшысы Тлепбергенова Раушан Амангалиевна, бұдан әрі «Тараптар» деп аталатын, индустриалды-инновациялық басым бағытында республика аймақтарына туризм және қонақжайлық, қызмет көрсету және сервис бағытында білікті мамандар даярлауға қажеттілік мақсатында осы меморандумды жасасты:

1. Өз әрекеттерінде Тараптар Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 маусымындағы Заңын, ҚР Президенті жарлығымен бекітілген Білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын, Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2026 жылға дейінгі тұжырымдамасын негізденіп туризм мен қонақжайлық, қызмет көрсету саласында кәсіби мамандармен қамтамасыз етуді басшылыққа алады.
2. Осы мақсатта Тараптар бірлескен шараларын келесі бағытта жүргізеді:
 - 2.1. «07230100 Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу», «10120100 Шаштараз өнері», «10130300 Тамақтандыруды ұйымдастыру» мамандықтарының оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлері арасында ғылыми-әдістемелік семинарлар, конференциялар, симпозиумдар арқылы кәсіптік ынтымақтастық орнату.
 - 2.2. Оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлерге арналған дуалды және модульдік технологиялар бойынша оқыту семинарларын жүргізу.
 - 2.3. Инженер-педагогтарға арналған біліктілікті арттыру курстарын, жаңа оқыту технологиялар әдіс-тәсілдерін енгізу мақсатында озық тәжірибемен, мәдени және тілдік бағдарламалармен алмасу, бірлескен ғылыми және оқыту бағдарламалары мен жобалар, шебер сыныптар, ашық сабақтар, дөңгелек үстелдер, таныстырылымдар, педагогикалық оқулар, байқаулар, Worldskills өткізуге көмек көрсету.
 - 2.4. Бірлескен жобалар мен бағдарламалар шеңберінде әдістемелік жинақтар, оқу құралдар, ғылыми мақалалар жариялау.
 - 2.5. Инновациялық әдістемелік оқыту аясында оқыту мазмұнын жаңарту мен оқу үдерісіне әдістемелік бағыт беруде жалпы көзқарасты дамыту.
 - 2.6. Осы Меморандумға қосымша келісім негізінде сабақ, сабақтан тыс шараларға студенттермен алмасу.
 - 2.7. Бірлескен шаралардың жүзеге асу мақсатында оқу зертханаларын, өндірістік орындарды, басқа да материалдық ресурстармен қамтамасыз ету.
3. Осы Меморандум шеңберінде Тараптар Қазақстан Республикасының

- заңнамаларын, басқа да нормативтік-құқықтық актілерін негіздеп өзара ынтымақтастықты, ашықтықты, әдептілікті басшылыққа алады.
4. Ынтымақтастық жоғарыда айтылған бағыттар, өзара бекітілген жоспар бойынша жоспарланады және уақытылы орындалады.
 5. Тараптар осы Меморандум жоспарлары орындалуына байланысты кездесуге, ынтымақтастықты талдауды жүргізеді.
 6. Тараптар Қазақстан республикасының заңнамаларымен қарастырылған ерекшеліктерінен басқа, ақпараттардың құпиялығын, басқа тараптарға жарияламаулығын кепілдікке алады.
 7. Осы Меморандум жүзеге асыру барысында Тараптар авторлық және жеке интеллектуалдық құқықтарын қорғауға қосымша келісім жасайды.
 8. Осы Меморандумға өзгерістер мен қосымшалар жазбаша түрінде Тараптардың өкілетті адамдар қолымен бекітіледі және осы Меморандумдың бөлігі болып табылады.
 9. Меморандум Тараптардың келісімімен бір айдан кем емес уақытта алдын ала ескертумен кез келген уақытта тоқтатылады.
 10. Осы меморандум 3 (үш) түпнұсқада мемлекеттік және орыс тілінде жасалған, әр нұсқаның бірдей заңды күші бар. Әр тарапқа Меморандумның бір нұсқасы беріледі.
 11. Осы Меморандум бойынша тараптар арасында келіспеушілік туындағанда Тараптар орыс тілді мәтінге сүйенеді.
 12. Даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер және кеңес берулермен шешіледі.

Білім беру ұйымы:

**Батыс Қазақстан облысының
әкімдігі білім басқармасының
«Орал «Сервис» технологиялық
колледжі» МКҚК**

Заңды мекен-жайы:

090003, Батыс Қазақстан облысы,
Орал қаласы, Циолковский көш., 26
тел.: +7 (7112) 23-39-00, 23-31-48

tc.edu.kz

lu.kz



Басшысы

..Б.Искалиева

Білім беру ұйымы:

**Атырау облысы білім
басқармасының «Атырау сервис
колледжі» КМҚК**

Заңды мекен-жайы:

060009, Атырау қаласы, Құрманғазы
көш., 9/2 ғимарат
тел.: 8(712)2213654

e-mail

Сай



Басшы

..А.Тлепбергенова